




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

# АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ





## Өзектілігі



Аутизмі бар балалар санының артуы - ПМПК деректері бойынша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар 235 мың баланың шамамен 18 мыңы қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара іс-әрекет қиындықтарына тап болады



Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұсынатын арнайы білім беру ұйымдарының тапшылығы



Ерте анықтау мен қолдаудың қажеттілігі



Жалпы білім беру ұйымдарының педагогтерін, арнайы мамандары даярлау



Әлеуметтік бейімдеу



Отбасын қолдау



## МИССИЯ

Аутизмi бар балалардың толыққанды дамуына, әлеуметтенуiне және қоғамдық өмiрге араласуына ықпал ететiн орта құру

## ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ

Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылыстары немесе қиындықтары бар балалардың дамуына, олардың әлеуметтенуіне және бейімделуіне бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ



Аутизм, аутизм спектрінің бұзылыстары, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылыстары немесе қиындықтары бар балалар



Ата-аналар (заңды өкілдер), отбасы мүшелері



Білім беру ұйымдарының педагогтері

## ОРТАЛЫҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУ

Аутизм орталығының қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз етуді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады.



# ОРТАЛЫҚТЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

жобалық қуаты

**100-ден 300-ге**

дейін

ғимараттың жалпы ауданы

**500 м<sup>2</sup> -ден 1500 м<sup>2</sup> - ге**

дейін

01

ЕРТЕ ҚОЛДАУ КАБИНЕТІ



02

ОҚЫТУ ДАҒДЫЛАРЫН  
ДАМУЫ КАБИНЕТІ



03

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ  
ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ  
КАБИНЕТІ



04

ӨМІРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ  
ДАМУЫ КАБИНЕТІ




05

АТА-АНАЛАРДЫ  
ҚОЛДАУ КАБИНЕТІ



06

СЕНСОРЛЫҚ, ОЙЫН  
БӨЛМЕЛЕРІ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70  
бұйрығы




“Мектепке дейінгі, орта білім беру  
ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру  
ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен  
жарақтандыру нормаларын бекіту туралы”


Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы  
№ ҚР ДСМ-76, 2021 жылғы 9 шілдедегі  
№ ҚР ДСМ-59 бұйрығы

“Білім беру объектілеріне қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар” санитариялық қағидаларын  
бекіту туралы”



## БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ:

-  білім беру саласында - 11 аутизм орталығы
-  халықты әлеуметтік қорғау саласында - 7 аутизм орталығы  
(мүгедектігі бар тұлғалар үшін)
-  Б. Өтемұратов қорының 2 жекеменшік аутизм орталығы  
(Астана, Алматы қ.) бар



## 6 ӨҢІРДЕ ЖОҚ:



МАҢҒЫСТАУ обл.



АТЫРАУ обл.



ТҮРКІСТАН обл.



АЛМАТЫ обл.



АҚМОЛА обл.



АЛМАТЫ қ.



## АУТИЗМ ОРТАЛЫҒЫ “МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ СТАНДАРТЫН” БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ

(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы)

### ҚЫЗМЕТ МАЗМҰНЫ

#### АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЕРТЕ ҚОЛДАУ:

1

- кешенді бағалау (диагностика);
- үлгілік оқу жоспарларының түзету компоненті негізінде түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу.

2

#### АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ:

- ғылыми негізделген әдістер мен технологияларды қолдану;
- түзету-дамыту бағдарламаларын іске асыру;
- оқыту, сөйлеу дағдыларын дамыту.

3

#### ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА КІРІГУ:

- өзіндік дағдыларын дамыту;
- әлеуметтік дағдыларды дамыту;
- өмірлік дағдыларды дамыту;
- қоғаммен, әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық.

4

#### АТА-АНАЛАРДЫ, ОТБАСЫН, ПЕДАГОГТЕРДІ ҚОЛДАУ:

- оқыту семинарларын, психологиялық қолдау бойынша тренингтер өткізу;
- білім беру ұйымдарының педагогтерімен тәжірибе алмасу үшін алаңдар құру;
- ата-аналарды ерте қолдау процесіне тарту.



## КАДРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

	Басшы		Тәрбиеші
	Арнайы педагог (олигофренопедагог (дефектолог-мұғалім)		Педагог-психолог
	Логопед-мұғалім		Дене шынықтыру (бейімдеу) мұғалімі
	Әлеуметтік педагог		Музыкалық жетекші
	Әдіскер		Тіркеуші
	Медбике		Бухгалтер

Қызметкерлер штаты  
**“Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің  
үлгі штаттарын бекіту туралы”**  
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына сәйкес айқындалады

Орталықтың штаттық құрамы  
жүгінген балалардың саны және олардың әртүрлі мамандардың  
қызметтеріне қажеттілігі негізінде құрылады



## ОРТАЛЫҚҚА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

АУТИЗМ ОРТАЛЫҒЫНА АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАР (ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЕМЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ БҰЗЫЛЫСТАРЫ НЕМЕСЕ ҚИЫНДЫҚТАРЫ, АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР) ПМПК ҚОРЫТЫНДЫСЫ МЕН ҰСЫНЫМДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖӘНЕ АТА-АНАЛАРЫНЫҢ (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ) КЕЛІСІМІМЕН ҚАБЫЛДАНАДЫ.

### АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ АЛГОРИТМІ



Аутизм орталығының қызметі “**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы**”

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен реттеледі

Қызметтер “**Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы**”

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес ұсынылады



## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ



Бюджеттік қаржыландыру



Бюджеттен тыс қаржыландыру

## ОРТАЛЫҚТЫҢ АШЫЛУЫ

Әрбір облыс орталығында және республикалық маңызы бар қалаларда (қажеттілік бойынша)

## СЕРІКТЕСТЕР



- арнайы білім беру ұйымдары (ПМПҚ, ППТҚ, оңалту орталығы);
- арнайы мектептер, арнайы балабақшалар;
- қоғамдық ұйымдар мен қорлар.





## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

---



Аутизмі бар балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын жақсарту



Балаларды білім беру ұйымдарында оқуға, қоғамда дербес өмір сүруге дайындау



Ата-аналардың мазасыздық деңгейін төмендету және олардың құзыреттілігін арттыру



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға төзімділік танытып, инклюзивті қоғамды қалыптастыру

---

Орталық аутизмі бар балаларға үйлесімді дамуы үшін қажетті қолдауды алуға мүмкіндік беретін орынға айналады, ал ата-аналар бала тәрбиесінде түсіністік пен көмек табады.